“ZIYATKER TURAN”
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
160000, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, ауд. Қаратау,
Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

Товарищество с ограниченной
ответственностью
“ZIYATKER TURAN”
160000, Республика Казахстан,
город Шымкент, Каратауский
р-н, ж.м. Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

БҰЙРЫҚ
2025 ж 26 тамыз
№ 59/1
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
26 августа **2025 г**
№ 59/1
город Шымкент

«Педагогикалық әдеп
кеңесін» қайта бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес, Шымкент қаласының білім басқармасының 07.04.2021 жылғы №10-05-43/2721 хатын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бұл бұйрық «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-бабының 3 тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.
2. Аталған бұйрықта педагогикалық әдеп қағидалары және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары бекітілді.
3. Педагогикалық әдеп қағидалары мектеп педагогтеріне қолданылады.
4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қол жетімді орында орналастырылады.
5. Педагогикалық әдеп қағидаларын орындау мақсатында 2025 жылдың 26 тамызы күні өткізілген №1 педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде кеңес құрамы төмендегіше бекітілсін:

1. Бейсебаева С.Т. -бастауыш сынып мұғалімі, кеңес төрайымы
2. Халбаева Д.М.- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
3. Ахметова Ф.Т.- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
4. Дунчибаева Г.Р.- Шымкент қаласы, Әдістемелік орталықтың әдіскері, кеңес мүшесі
5. Жұмаділлә Д.С. -тарих пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
6. Жетписова А.Е. - педагог-психолог, кеңес мүшесі
7. Султанова Р.М. – еңбек пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
8. Каримова Д.М. - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі "ZIYATKER TURAN" ЖШС мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы, кеңес мүшесі
9. Болтай Н.Е.- математика пәні мұғалімі, кеңес мүшесі

Байбосынова А.П. – бастауыш сынып мұғалімі, хатшы

Мектеп директоры **Длимбетова Б.С.**

БЕКІТЕМІН
“ ZIYATKER TURAN” ЖШС
мектеп директоры:
_____ Б.С.Длимбетова

Педагогикалық әдеп бойынша жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені құрау және бекіту. 2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек 2025ж	Хаттама
2	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы қабілеті. 2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қараша 2025ж	Хаттама
3	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы.** **Күн тәртібінде** 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.	Қаңтар 2026ж.	Хаттама

	3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.		
4	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы.** **Күн тәртібінде:** **1.** Педагогтардың құқықтары. **2.** Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 3. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Наурыз 2026 ж.	Хаттама
5	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №5 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагог бейнесі. 2. Өзіңді-өзің тәрбиелеу жолдары. 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.	Мамыр 2026 ж.	Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы
Қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар:

1. Бейсебаева С.Т. -бастауыш сынып мұғалімі, кеңес төрайымы
2. Халбаева Д.М.- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
3. Ахметова Ф.Т.- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
4. Дунчибаева Г.Р.- Шымкент қаласы, Әдістемелік орталықтың әдіскері, кеңес мүшесі
5. Жұмаділлә Д.С. -тарих пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
6. Жетписова А.Е. - педагог-психолог, кеңес мүшесі
7. Султанова Р.М. – еңбек пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
8. Каримова Д.М. - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі "ZIYATKER TURAN" ЖШС мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы, кеңес мүшесі
9. Болтай Н.Е.- математика пәні мұғалімі, кеңес мүшесі

Байбосынова А.П. – бастауыш сынып мұғалімі, хатшы

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту/кеңес төрайымы:
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/кеңес мүшесі:
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кеңес мүшесі :

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы сөзалды:

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені

дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.
Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.
Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Халбаева Д.М. сөз алды /:
Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.
Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейдеңіздің сәнін кетіреді.
Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : Ахметова Ф.Т

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.Қ.Аманбаева чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: Бейсебаева С.Т.

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Ардагер ұстаз, кеңес мүшесі мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты.Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады . Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. "ZIYATKER TURAN" ЖШС мектебі жанындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. «Жас мамандар » мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы: Бейсебаева С.Т.

Хатшы: Байбосынова А.П

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы
Караша 2025 жыл

Қатысқандар:
1. Бейсебаева С.Т. -бастауыш сынып мұғалімі, кеңес төрайымы
2. Халбаева Д.М.- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
3. Ахметова Ф.Т.- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
4. Дунчибаева Г.Р.- Шымкент қаласы, Әдістемелік орталықтың әдіскері, кеңес мүшесі
5.Жұмаділлә Д.С. -тарих пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
6. Жетписова А.Е. - педагог-психолог, кеңес мүшесі
7. Султанова Р.М. – еңбек пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
8. Каримова Д.М. - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі "ZIYATKER TURAN" ЖШС мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы, кеңес мүшесі
9. Болтай Н.Е.- математика пәні мұғалімі, кеңес мүшесі
Байбосынова А.П. – бастауыш сынып мұғалімі, хатшы

Күн тәртібінде
1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау/ кеңес мүшесі
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес төрайымы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, ардагер ұстаз

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де , өз пікіріңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын окушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту кажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Жұмаділлә Д.С.

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан ғана қаралады.* "Педагогикалық әдебі нашар" қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсіндікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б.жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Бейсебаева С.Т.

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына , берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

1/ Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.

2/ Мұғалімнің педагогикалық әдебін сақтауда мұғалімнің құқықтық сауаттылығын артыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.

3/ Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы: Бейсебаева С.Т.

Хатшы: Байбосынова А.П

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№3 хаттамасы

12.01.2026 жыл

Қатысқандар:
Кеңес төрайымы: Бейсебаева С.Т.
Мүшелері:
Халбаева Д.М
Ахметова Ф.Т.
Дунчибаева Г.Р.
Жұмаділлә Д.С
Жетписова А.Е
Султанова Р.М.
Каримова Д.М.
Болтай Н.Е.
Байбосынова А.П

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Халбаева Д.М өз сөйледі.Педагогтердің әлеуметтік желілерде және басқа да көпшілік ортада жеке фотосуреттері мен бейнематериалдарын жариялау кезінде педагог мәртебесіне сай әдеп нормаларын сақтау қажеттігі айтылды.Педагогтің әлеуметтік желідегі жарияланымдары оның жеке өміріне қатысты болғанымен, қоғамдағы педагог бейнесіне де әсер ететіндігі атап өтілді. Жарияланатын материалдардың мазмұнына, тілдік қолданысына, әдептілігіне және басқа адамдардың жеке өміріне қол сұқпау қағидаларына жауапкершілікпен қарау қажеттігі түсіндірілді.Сонымен қатар оқушылардың, ата-аналардың және әріптестердің фотосуреттері мен бейнематериалдарын олардың келісімінсіз жарияламу, жеке деректер мен жеке өмірге қатысты ақпараттарды таратпау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Екінші мәселе бойынша Жұмаділлә Д.С сөз сөйледі.Педагогикалық әдеп – мұғалімнің білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен және мектеп әкімшілігімен қарым-қатынасындағы кәсіби мәдениетінің маңызды бөлігі екендігі айтылды.Педагогикалық тактика педагогтің әрбір жағдайды сабырлылықпен, ұстамдылықпен және оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып шешуінен көрінетіні түсіндірілді.Педагог білім алушыны көпшілік алдында кемсітуге, намысына тиетін сөздер айтуға, дауыс көтеруге, жеке басын талқылауға жол бермеуі тиіс. Кез келген даулы жағдайда педагог мәселені әдептілікпен, педагогикалық тұрғыдан дұрыс шешуі қажет.

Үшінші мәселе бойынша Султанова Р.М.сөз сөйледі.Педагогтің сөйлеу мәдениеті оның кәсіби беделінің маңызды көрсеткіші екендігі атап өтілді. Педагог өз сөзінде әдеби тіл нормаларын сақтап, дөрекі, кемсітуші, орынсыз немесе әдепке жатпайтын сөздерді қолданбауы қажет. Оқушымен және ата-анамен қарым-қатынаста дауыс ырғағына, сөз таңдауына, сөйлеу мәнеріне көңіл бөлу қажеттігі айтылды.Педагогтің әрбір сөзі тәрбиелік мәнге ие болуы тиіс. Сондықтан мұғалімнің сөйлеуі нақты, түсінікті, мәдениетті, сыпайы және педагогикалық талаптарға сай болуы керектігі ескертілді.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтерге жеке фотосуреттер мен бейнематериалдарды көпшілік алдында және әлеуметтік желілерде жариялау кезінде педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау ұсынылсын.

2. Оқушылардың, ата-аналардың және әріптестердің фотосуреттері мен бейнематериалдарын жариялау кезінде олардың құқықтары мен жеке өміріне құрметпен қарау қамтамасыз етілсін.

3. Педагогтер кәсіби қызмет барысында педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика талаптарын сақтап, білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарасын.

4. Педагогтер арасында дау-дамай туындаған жағдайда мәселені сабырлы түрде, өзара құрмет пен кәсіби әдеп қағидаттары негізінде шешу қамтамасыз етілсін.

5. Педагогтер өздерінің ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетіне жауапкершілікпен қарап, әдеби тіл нормаларын, сыпайылық пен кәсіби қарым-қатынас талаптарын сақтасын.

Хатшы: **Байбосынова А.П**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№4 хаттамасы

03.03.2026 жыл

Қатысқандар:
Кеңес төрайымы: Бейсебаева С.Т.
Мүшелері:
Халбаева Д.М
Ахметова Ф.Т.
Дунчибаева Г.Р.
Жұмаділлә Д.С
Жетписова А.Е
Султанова Р.М.
Каримова Д.М.
Болтай Н.Е.
Байбосынова А.П

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Педагогтардың құқықтары.
2.Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.
3.Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Дунчибаева Г.Р. сөз сөйледі.Педагогтердің кәсіби қызмет барысында өз құқықтарын білуі және заң талаптарына сәйкес жүзеге асыруы маңызды екендігі атап өтілді.Педагогтің білім беру процесін ұйымдастыруда кәсіби еркіндікке, өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне, еңбек жағдайларының қамтамасыз етілуіне және біліктілігін арттыруға құқығы бар екендігі түсіндірілді.Сонымен қатар педагогтер өз құқықтарымен қатар кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен орындауға, білім алушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екендігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша Жетписова А.Е сөз сөйледі.Педагогтердің көпшілік ортада өзін ұстауы, сөйлеу мәдениеті және сыртқы мінез-құлқы педагог мәртебесіне сәйкес болуы қажеттігі атап өтілді.Педагог қоғамдық орындарда, әлеуметтік желілерде және түрлі іс-шараларда әдеп-этикалық нормаларды сақтауы қажет. Қоғамдық ортада дөрекі сөйлеуге, жанжал шығаруға, басқа адамның ар-намысына тиетін сөздер айтуға, педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу қажеттігі ескертілді.Әлеуметтік желілерде ақпарат, фото және бейнематериалдар жариялау кезінде де педагогикалық

әдеп талаптарын сақтау, басқа адамдардың жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау қажеттігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша Болтай Н.Е.сөз сөйледі.Мектепте педагогикалық әдепті сақтау – педагогикалық ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастырудың және білім беру сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі екендігі айтылды.Педагогтер білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен және мектеп әкімшілігімен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік, әділдік, жауапкершілік және кәсіби мәдениет қағидаттарын ұстануы тиіс.Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау барысында оқушыны кемсітуге, қорлауға, көпшілік алдында ұялтуға, дауыс көтеруге және жеке басына қатысты орынсыз пікір айтуға жол берілмейтіні ескертілді.Сонымен қатар әріптестер арасындағы өзара сыйластықты сақтау, қызметтік мәселелерді іскерлік және мәдениетті түрде шешу, мектептің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу қажеттігі атап өтілді.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтер өздерінің кәсіби құқықтары мен міндеттерін біліп, оларды қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырсын.
2. Педагогтер көпшілік ортада педагог мәртебесіне сай әдеп-этикалық нормаларды сақтасын.
3. Педагогтердің әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде кәсіби әдеп талаптарын сақтауына ерекше назар аударылсын.
4. Мектеп ұжымында өзара сыйластық, ынтымақтастық, әділдік және кәсіби қарым-қатынас мәдениеті қалыптастырылсын.
5. Білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың құқықтарын сақтау және педагогикалық әдеп нормаларын бұзуға жол бермеу барлық педагогтерге міндеттелсін.
6. Педагогтер арасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.

Хатшы: **Байбосынова А.П**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№5 хаттамасы

05.05.2026 жыл

Қатысқандар:
Кеңес төрайымы: Бейсебаева С.Т.
Мүшелері:
Халбаева Д.М
Ахметова Ф.Т.
Дунчибаева Г.Р.
Жұмаділлә Д.С
Жетписова А.Е
Султанова Р.М.
Каримова Д.М.
Болтай Н.Е.
Байбосынова А.П

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагог бейнесі.
2. Өзіңді -өзің тәрбиелеу жолдары.
3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Жетписова А.Е сөз сөйледі.Педагог бейнесі – оның кәсіби білімімен қатар, мәдениеті, мінез-құлқы, сөйлеу мәнері, сыртқы келбеті және адамдармен қарым-қатынасынан қалыптасатыны атап өтілді.Педагог әр уақытта білім алушыларға үлгі болуы тиіс. Оның әрбір сөзі мен іс-әрекеті оқушыға тәрбиелік әсер етеді. Сондықтан педагог өзінің кәсіби беделін сақтап, әріптестерімен, ата-аналармен және білім алушылармен қарым-қатынаста әдептілік, сабырлылық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын ұстануы қажет.Педагогтің сыртқы келбеті де оның кәсіби бейнесінің бір бөлігі болып табылатыны айтылды. Киім үлгісі жинақы, ұқыпты және педагог мәртебесіне сай болуы ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша Каримова Д.М. сөз сөйледі.Өзіңді-өзің тәрбиелеу – педагогтің кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды бағыты екендігі айтылды. Өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі жолдары ретінде, өз мінез-құлқына талдау жасау,өзінің кемшіліктерін мойындап, оларды түзетуге ұмтылу,эмоцияны басқару және сабырлы болу, кәсіби білімін үнемі жетілдіру, уақытты тиімді пайдалану,Педагог өз бойындағы

жақсы қасиеттерді дамытып, жағымсыз әдеттерден арылуға үнемі ұмтылуы қажеттігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша **Ахметова Ф.Т.**

сөз сөйледі.Педагогтердің әлеуметтік желілерді пайдалану және қоғамдық орындарда өзін ұстау мәдениетіне ерекше назар аударылды.Әлеуметтік желіде жарияланымдар жасаған кезде педагог өзінің кәсіби мәртебесін ескеріп, әдептілік пен жауапкершілік танытуы қажет. Дөрекі, әдепсіз, кемсітушілік сипаттағы пікірлер мен педагог мәртебесіне нұқсан келтіруі мүмкін материалдарды жариялаудан сақтану қажеттігі айтылды.Білім алушылардың, ата-аналардың және әріптестердің жеке фотосуреттері мен бейнематериалдарын олардың келісімінсіз жарияламау, жеке ақпараттарды таратпау керектігі ескертілді.Қоғамдық орындарда педагог жалпыға ортақ әдеп нормаларын сақтап, дауыс көтеру, жанжал шығару, айналасындағылардың ар-намысына тиетін сөздер айту сияқты әрекеттерге жол бермеуі тиіс.Педагогтің қоғамдық ортадағы мәдениеті оның кәсіби беделіне тікелей әсер ететіні атап өтілді.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтер өздерінің кәсіби бейнесіне жауапкершілікпен қарап, білім алушыларға жеке тұлғалық және кәсіби тұрғыдан үлгі болсын.
2. Педагогтер қарым-қатынаста әдептілік, сабырлылық, әділдік, жауапкершілік және мәдениеттілік қағидаттарын ұстансын.
3. Педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеуі мен кәсіби дамуына бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Әр педагог өз мінез-құлқына тұрақты түрде өзіндік талдау жасап, кәсіби және тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге ұмтылсын.
5. Әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау кезінде педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын.

Хатшы: **Байбосынова А.П**